Программа интегрирована в учебный процесс, обогащая его практическим опытом и реальными кейсами.

Налажено активное взаимодействие с университетами, колледжами, предприятиями и общественными организациями.


В 9-11 классах провели более 50 тематических встреч с представителями (студентами, преподавателями) различных учебных учреждений.

Для будущих студентов была проведена экскурсия по университетам, в ходе которой гости посетили учебные аудитории, лаборатории, спортивные залы и другие социальные объекты ВУЗов. Учащиеся отмечали, что их визиты в высшие учебные заведения стали хорошей возможностью профессионального самоопределения

Доля поступивших на грант среди выпускников 11-х классов (%):

Год	Всего выпускников	Гранты РК (%)	Гранты России (%)	Гранты за рубеж (%)
2022-2023	80	29 %	10%	1,25%
2023-2024	99	30,3%	7,07%	0%
2024-2025	74	37.84%	14,86%	0%

Динамика роста



Год	Всего выпускников (11 кл.)	Грантов (11 кл.)	Всего выпускников (9 кл.)	Грантов (9 кл.)	Общее кол-во выпускников	Общее кол-во грантов
2022-2023	80	23	94	18	174	41
2023-2024	99	30	123	11	222	41
2024-2025	74	28	88	17	162	45

для них и получения данных об

условиях учебы, предоставляемых нашими ВУЗами и другой дополнительной информации.

Активно используются современные цифровые инструменты и платформы для профориентационной работы.

Результаты апробации показали динамику количества выпускников, поступивших в организации технического и профессионального, послесреднего, высшего образования на бюджетной основе в течение 3 лет. Вывод: Общее количество грантов демонстрирует положительную динамику, увеличившись на 4 гранта за рассматриваемый период.

Таким образом, анализ статистических данных по поступлению выпускников 9-х и 11-х классов на грантовой основе демонстрирует положительную тенденцию и подтверждает вклад методического пособия в повышение осознанности профессионального выбора и успешности учащихся.

Перечень использованных источников:

1. Концепция развития профориентационной работы в организациях среднего образования Республики Казахстан, Астана 2022, Министерство просвещения Республики Казахстан Национальная академия образования им. И. Алтынсарина.
2. Методические рекомендации для педагога профориентатора, Астана, 2023, Министерство просвещения Республики Казахстан Национальная академия образования им. И. Алтынсарина.
3. «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм», 2 сентября 2024 года, Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана
4. Программа «Біртұтас тәрбие».
5. Пряжников Н.С. и др. Игры и методики для профессионального самоопределения старшеклассников. – Москва, 2007.

ПРОГРАММА КУРСА ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ «ЗАНИМАТЕЛЬНАЯ МАТЕМАТИКА С ЛИТЕРАТУРНОЙ МИНУТКОЙ»

Василенко И.Р., учитель начальных классов, педагог-эксперт;
Самедова Л.Ш., учитель начальных классов, педагог-модератор;
*ШҚО ББ Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Верх-Уба жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ*

Аңдатпа. Мақалада 2-сынып оқушыларына арналған «Әдеби минутпен қызықты математика» атты сыныптан тыс іс-шара бағдарламасын жүзеге асыру тәжірибесі қарастырылады. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері мен әдістері сипатталып, математикалық сауаттылықты, логикалық және бейнелі ойлауды, оқуға қызығушылық пен танымдық белсенділікті дамытуға бағытталған жұмыстың мазмұны ашып көрсетілген. Бағдарлама пәндік білімдерді кіріктіруге және бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: сыныптан тыс іс-шара, математикалық сауаттылық, әдеби оқылым, кіріктіру, ойлау қабілетін дамыту, танымдық белсенділік.

Аннотация. В статье рассматривается опыт реализации программы внеурочной деятельности «Занимательная математика с литературной минуткой» для учащихся 2 класса. Описаны цели, задачи и методы работы, направленные на развитие математической грамотности, логического и образного мышления, интереса к чтению и познавательной активности. Программа способствует интеграции предметных знаний и развитию творческих способностей учащихся начальной школы.

Ключевые слова: внеурочная деятельность, математическая грамотность, литературное чтение, интеграция, развитие мышления, познавательная активность.

Современная система образования ориентирована на развитие личности учащегося, формирование его познавательной самостоятельности и творческих способностей. В этой связи особое значение приобретает внеурочная деятельность, позволяющая реализовать индивидуальные образовательные потребности детей.

Методологической основой программы является принцип научности, доступности, творчества и межпредметной интеграции. Содержание курса построено с учетом возрастных особенностей второклассников и ориентировано на создание ситуации успеха.

Методы обучения включают игровые технологии, элементы исследовательской деятельности, творческие задания, решение логических задач и литературных

викторин. Особое внимание уделяется формированию у учащихся логического мышления, речи, внимания и памяти. В ходе реализации программы используются межпредметные связи с литературным чтением, русским языком, познанием мира, изобразительным искусством и физической культурой.

Программа была апробирована в 2023-2024 учебном году в КГУ «Верх-Убинская общеобразовательная средняя школа» отдела образования по Шемонаихинскому району УО ВКО. Участники исследования – учащиеся второго класса. В процессе занятий наблюдалось устойчивое повышение мотивации к изучению математики, развитие логического мышления, интереса к чтению художественной литературы. Контрольные задания показали увеличение количества

учащихся, успешно выполняющих задания логико – математического характера, на 25%. Ребята стали активнее участвовать в обсуждениях, предлагать собственные решения, проявлять инициативу и уверенность в своих силах.

Программа включает 34 занятия, каждое из которых сочетает математическое содержание с элементами литературного творчества. Примеры тем: «Поможем Крошке Еноту в поисках логической цепочки» - развитие логического мышления; «Задачи – смекалки для Дюймовочки» - формирование пространственного воображения; «Занимательная математика с пчелкой Майей» - знакомство с геометрическими понятиями. Литературная минутка позволяет развивать выразительное чтение, речь и творческое воображение. Использование сказочных персонажей создает эмоционально – положительный настрой и поддерживает интерес к учебной деятельности.

При внедрении программы важно, во – первых, учитывать уровень подготовленности учащихся и обеспечивать постепенное усложнение заданий. Во – вторых, рекомендуется использовать игровые и интерактивные формы обучения, включая проектную деятельность и командные конкурсы. В- третьих, эффективным является сочетание математических заданий с чтением художественных произведений, пословиц и скороговорок. И в – четвертых, для повышения мотивации целесообразно

организовывать мини-проекты, выставки творческих работ и литературно-математической викторины.

Опыт реализации курса «Занимательная математика с литературной минуткой» подтверждает его высокую педагогическую ценность. Программа способствует формированию у младших школьников интереса к математике и чтению, развитию творческого потенциала и коммуникативных умений.

Интеграция математики и литературы делает обучение более осмысленным, а процесс познания – увлекательным личностно значимым для каждого ребенка. Опыт внедрения программы в КГУ «Верх-Убинская ОСШ» подтвердил её эффективность и целесообразность распространения в практике начального образования.

Использованная литература

1. Оспанов Т.К., Астамбаева Ж.К., Мергенбаева Н.О., Козленко А. Учебник математики 2 класс «Атамұра», 2022 г.
2. Аймагамбетова М.М., Богатырёва Е. В., Бучина Р. А., Регель Н. В., Труханова О. И. Литературное чтение 2 класс, Алматы кітап баспасы, 2022 год.
3. Бек М. А., Кошкина И. М., Теплякова Н. М., Хрестоматия. Алматы кітап баспасы, 2022 год.
4. Кульбацкий О, Вожора О, Детская газета «Непоседа» «КазПресс» 2018 год.
5. Светлова И., Нитылкина И., Мельникова И. «Большая книга заданий и упражнений по развитию логики». «Эксмо» 2019 год

АБАЙДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНА КІРІКТІРУ

Галижапарова Эльвира Кабиденовна

Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназия»

ШЖҚ МКК

география пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Мақалада Абайдың рухани құндылықтарын география сабақтарының мазмұнына кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Абайдың табиғатқа сүйіспеншілікті, туған жерді қадірлеуді, еңбекті бағалауды, білімге құштарлықты және адамгершілікті дәріптейтін ойлары география пәнімен сабақтастырыла талданады. Осындай құндылықтарды оқу процесінде қолдану оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, табиғатты қорғауға деген қызығушылығын күшейтеді. Абай мұрасының сабаққа кіріктірілуі географияны оқытудың әлеуетін арттырып, оның мазмұнын тереңдетеді.

Түйінді сөздер: Абай, рухани құндылықтар, табиғат лирикасы, география, экологиялық тәрбие, адамгершілік, білім беру, пәнаралық байланыс, ұлттық тәрбие.

Аннотация

В статье рассматриваются методические подходы к интеграции духовных ценностей Абая в преподавание географии. Идеи Абая о любви к природе, уважение к родной земле, труде, стремлении к знаниям и нравственности анализируются во взаимосвязи с содержанием географического образования. Включение этих ценностей в учебный процесс способствует развитию моральных качеств учащихся, формирует экологическую ответственность и повышает интерес к предмету. Использование наследия Абая делает преподавание географии более содержательным и усиливает его воспитательный потенциал.

Ключевые слова: Абай, духовные ценности, природная лирика, география, экологическое воспитание, гуманизм, образование, межпредметные связи, национальное воспитание.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыға тек қана білім беру ғана емес сонымен қатар ұлттық тәрбие беру өзекті мәселе болып отыр. Уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы - заңдылық. Абай - ұлы ұстаз-кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы-таусылмайтын телегей теңіз. Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі - адам, толық адам. Бұл мақалада жаңаша білім берудің, география пәнін түрлендіріп оқытудың әдіс- тәсілдері

мен олардың нәтижелері туралы, білім берудің соңғы жылдардағы үрдістеріне сай Абай шығармаларын кез келген сабақта пайдалану мүмкіндігі мол екені баяндалған.

Абайдың шығармашылығындағы ұлттық рухани құндылықтар қазақ даласының мәдениеті мен руханиятының негізін құрап, оның бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді. Осындай баға жетпес ұлттық құндылықтарға толы оның шығармалары оқушыларға әдеби туындылар ретінде де, сонымен қатар өмірлік ұстанымдарды қалыптастыратын рухани бағдар

ретінде де ұсынылуы керек деп ойлаймын. Бүгінде мектеп бағдарламасына Абай мұралары оқытылғанымен, оны жаңашыл әдістермен жеткізу мәселесі өзекті. Интерактивті оқыту әдістері, онлайн оқыту платформалары, шығармашылық тапсырмалар, Абай идеяларын замануи контексте құрастыру – бұл оқушының білімге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сананы қалыптастырады. Абайдың қара сөздерінде айтылған ойлар қазіргі заманғы білім беру ғағидаларымен үндеседі. Абайдың 17-ші сөзінде ақыл, білім және мінез мәселелеріне тоқталып, адам өзін-өзі жетілдіру, үздіксіз даму қажеттілігін алға тартады. Бұл әрбір адамның санасына ой салады. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері табиғатты сүйуді, адамгершілікті, білімге ұмтылысты насихаттап, ойшылдық, философиялық тұжырымға толы екенін білеміз.

География - табиғи орта мен қоғамның байланысын зерттейтін кешенді ғылым. Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуда, табиғатқа жауапкершілікпен қарауды бұл пән ерекше қызмет атқарады. Сондықтан Абайдың табиғатқа, адамға қатысты идеяларын география пәніне кіріктіру - пәндік білімді ұлттық рухани құндылықтармен байланыстырудың тиімді жолы.

Қазіргі әлемде климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің азаюы, табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты экологиялық дағдарыстар адамзатқа үлкен қауіп төндіріп отыр. Мұндай жағдайда жас ұрпақтың табиғи ортаға жауапкершілікпен

қарауын, экологиялық мәдениетін және ұлттық дүниетанымын қалаптастыру - білім берудің маңызды міндеті.

Абайдың табиғатқа деген көзқарасы, адам мен табиғаттың үйлесімді тіршілігі туралы ойлары қазіргі «Жасыл экономика», «Тұрақты даму» және экологиялық білім тұжырымдамаларымен табиғи үндес. Демек, Абайдың рухани құндылықтарын география пәнімен кіріктіру - ұлттық тәрбиені күшейтіп қана қоймай, жаһандық мәселелерді түсіне алатын ұрпақ тәрбиелеудің тиімді жолы.

Мақсаты: Абай Құнанбайұлының рухани құндылықтарын география пәнінің оқу мазмұнына кіріктіре отырып, оқушылардың экологиялық мәдениетін, ғылыми-танымдық қабілеттерін және адамгершілік қасиеттерін дамыту жолдары ғылыми негізде көрсету. Құндылыққа бағытталған оқыту оқушылардың рухани - адамгершілік болмысын қалыптастыруды басты мақсат етеді.

Міндеттері

1. Абайдың шығармаларындағы табиғат, еңбек, ғылым және адамгершілік идеяларының мазмұнын талдау;
2. ЖИ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, онлайн - саяхат, экскурсия ұйымдастыру;
3. Интерактивті платформаларды тиімді пайдалану арқылы оқуға деген мотивациясын арттыру;
4. «Климатология», «Геоморфология», «Геоэкология», «Экономикалық және әлеуметтік география бөлімдерінде қолдану ;

5. Интерактивті тапсырмалар, картографиялық жұмыстар, шығармашылық жобалар арқылы пәнге қызығушылықты арттыру әдістерін негіздеу;

Теориялық негіздеме

Абайдың рухани - моральдық мұрасы қазіргі педагогикалық теориялармен толық сәйкес келеді. Оның шығармалары: құндылыққа оқыту, экологиялық тәрбие, пәнаралық интеграция, тұлғалық даму, гуманистік бағыттағы педагогика талаптарына жауап береді.

Абай әлемі – адам, қоғам және табиғат арасындағы үйлесімділік туралы терең философия. Оның табиғат лирикасындағы «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» өлеңдері табиғи құбылыстарды көркем тілмен бейнелей отырып, адам мен табиғаттың байланысын жеңіл әрі түсінікті жеткізеді. Абай табиғатты тек эстетикалық нысан ретінде емес, адам өміріне ықпал ететін тірі жүйе ретінде қарастырады.

- «Қыс» өлеңін ауа температурасы, жел, қар жамылғысы, қысқы климаттың ерекшеліктерін түсіндіруде қолдануға болады.
 - «Жазғытұры» өлеңінде қар еріп, өзендердің тасуы, жыл мезгілдерінің ауысуы сияқты географиялық құбылыстар көрініс табады.
 - «Күз» өлеңінен атмосфералық қысым, жел бағыттарының өзгеруі, табиғаттың салқындауы сияқты маусымдық өзгерістерді түсіндіруге болады.
- Өлеңдер арқылы табиғи құбылыстарды көркем сипатта қабылдау оқушылардың

географиялық визуализация жасау қабілеттерін арттырады.

Атмосфералық қысым, Ауа-райының метеорологиялық ерекшеліктері тақырыптарын (7 сынып) «Желсіз түнде жарық ай» өлеңнің аудиомәтінің тыңдай отырып қандай *желдің күйі, тыныштық, маусым* ерекшеліктерін ата деп тақырыпты ашуға болады. Оқушылар Абайдың өлеңінен үзінді алып, сол табиғи құбылыстың ғылыми жағын география тұрғысынан түсіндіреді, функционалдық сауаттылығын көтереді, сонымен қатар рухани - адамгершілік дүниетанымын қалыптастырудың маңызды жолы. Оқушыларға табиғат құбылыстарын тереңірек түсінуге, ұлттық әдебиетпен рухани байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жерде Абайдың табиғатты шебер суреттейтін өлеңдері мен философиялық ойлары таптырмас құрал бола алады.

Абайдың табиғатқа деген сүйіспеншілігі оның шығармаларының өзегін құрайды. Ол табиғаттың бұзушысы емес, оның сақтап, қорғаушысы болуға шақырады. География сабағында бұл идеяларды төмендегі бағыттарда қолдануға болады:

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
 - экожүйелерді сақтау;
 - ластану түрлері және олардың алдын- алу;
 - табиғатқа жауапкершілікпен қарау;
 - «Табиғат- ортақ үйіміз» тұжырымдамасын түсіндіру;
- Сонымен қатар, Абай туған өңір- Шыңғыс тауы, Ертіс жағалауы күрделі

ландшафтық аймақ. Осының өзі оқушыларға туған өлке географиясын оқытудың табиғи базасы болып табылады. Абайдың табиғатқа деген эстетикалық көзқарасы экологиялық мәдениеттің негізі болып табылады. Абай табиғатты адамзатқа аманат деп қарастырады.

«Жеріңе терең ат қойма...»

«Бас қамы үшін өтірік айтпа...» деген ойлары табиғатына бей-берекет араласпау қажеттілігін меңзейді. Бұл қазіргі экологиялық этиканың негізгі қағидаларының көркем түрі.

Абай қоғамдағы әділдік, адамгершілік, еңбек мәдениеті туралы ой қозғайды. Географияның әлеуметтік-экономикалық бөлімдерінде бұл идеяларды тиімді қолдануға болады.

- «Еңбек етсең ерінбей» өлеңін экономикалық географияда еңбек ресурстары тақырыбында талдау;

- ауылдық жерлердің дамуы, көші-қон, халық саны мәселелерін Абайдың әлеуметтік ойларымен байланыстыру.

- халық шаруашылығы салалары, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы туралы Абай қара сөздерімен түсіндіру.

Сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдер

- «Миға шабуыл» жаңа тақырыпты Абайдың табиғат лирикасынан үзіндімен бастау – оқушы назарын бірден шоғырландырады. Мәтінді географиялық талдау әдісі. Оқушылар Абай өлеңдерінен табиғи құбылыстарды анықтайды: жел, қар, өзен, тау, жыл мезгілдері. Бұл тәсіл оқушының ғылыми және көркем ойлауын байланыстырады.

- Венн диаграммасы, «Топтастыру», «Аялдама», «Ой шақыру» әдістерін тиімді пайдалану.

- Quizizz, LearningApps, Kahoot платформаларында сәйкестендіру тестін, тест нұсқаларын ұсыну ;

- Case Study әдісін қолдану арқылы, жобалық жұмыс жасау арқылы оқушылар «Абай және табиғат», «Абайдың экологиялық көзқарасы», «Жыл мезгілдері Абай шығармаларында» атты жобалар жасай алады. Зерттеу жұмыстарын ұсынады.

- Шығармашылық тапсырмалар арқылы Абай өлеңінің мазмұнына сәйкес табиғи құбылысты суреттеу , «Абайша табиғатқа көзқарас» эссе жазу;

- Картамен жұмыс арқылы Абай өмір сүрген өңірдің физикалық-географиялық ерекшеліктерін картадан талдау. Семей өңірінің климаты, жер бедері, өзен-көлдері туралы тапсырмалар беру.

- Mapchart, Piktochart онлайн платформаларын пайдаланып картамен жұмыс жасау. Maptomind.ru географиялық онлайн номенклатурамен жұмыс жасауға болады.

«Абай картасы» жобасы:

- Абай жүрген жерлерді картаға түсіру;

- Семей өңірінің физикалық картасын зерттеу;

- Табиғи зоналарды салыстыру;

- Mind- map, STEAM жобалары, инфографиканы қолдану

Практикалық маңызы

- Сабақ ұлттық мазмұнмен байытылып, тәрбиелік мәні күшейеді.

- Оқушылардың экологиялық мәдениеті арттады.
- Ғылыми ақпарат пен әдеби мәтінді байланыстыра талдау дағдысы дамиды.
- Географияға қызығушылық пен рухани ойлау қабілеті қатар қалыптасады.
- Пәнаралық байланыс нығайып, оқыту сапасы көтеріледі.

Интеграцияның тиімділігі

1. Оқушы пәнге эмоционалды жақындайды;
2. Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады;
3. Экологиялық мәдениеті қалыптасады;
4. Көркем және ғылыми ойлау қабілеті дамиды;
5. Тұлғалық құндылықтары нығаяды;
6. Жерге, елге деген құрметі күшейеді.

Зерттеуді дамыту және тарату перспективалары

- Сабақ барысында 7-9 сыныптар деңгейінде кеңінен қолдану.
- Құндылыққа негізделген әдістемелік банк құру. (қмж, әдістемелік құралдар)
- Астана қаласы педагогтарына арналған шеберлік сағаттарын өткізу.
- Абай атындағы мектеппен тығыз байланыста болып, желілік байланыс орнату.

Қорытынды

Абайдың рухани құндылықтарын география пәнімен кіріктіру - ұлттық тәрбиені, ғылыми білімді және экологиялық мәдениетті бір арнаға тоғыстыратын тиімді педагогикалық бағыт. Абай

шығармалары табиғатты танып - біуге, оны сүйуге, қорғауға шақырады. Бұл идеялар география пәнінің мәнімен толық үйлеседі. Абай мұрасын жүйелі пайдалану оқушылардың рухани дамуын күшейтіп, ғылыми дүниетанымын кеңейтеді, экологиялық жауапкершілігін арттырады. Абайдың «толық адам» концепциясы рухани кемелдікке, білімге, еңбекке, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үндейді. Бұл құндылықтар география пәнінің тәрбиелі әлеуетін күшейтіп қана қоймай, оқушыларды табиғатты түсінетін, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға ретінде қалыптастыруға бағыттайды. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы - халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатын, уақыт өткен сайын маңызын жоймайтын рухани қазынасы, зерттеудің көзі болып табылады. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту - қоғамдық ой –санада тың серпелістер туғызады. Абай шығармаларын қолданудың бірнеше артықшылықтарын көруге болады. Оқушының бойында экологиялық сана қалыптастыру (табиғатқа жауапкершілікпен қарап, ресурстарды үнемдеуге үйренеді), тұлғалық даму жүреді (адамгершілік, еңбекқорлық, ілімге ұмтылу) пәнге қызығушылығы артады (поэзия мен философиялық ойларды интеграциялау), пәнаралық байланыс дамиды. Демек, әдебиет, тарих және экология сабақтарымен интеграция жасауға мүмкіндік береді. Әрбір оқушы уақыттың құндылығын, табиғат алдындағы жауапкершілігін сезініп, адам өмірінің үздіксіз дамуы керек деген қажеттілігін түсініп, өз

алдына мақсат қойып, биік шыңдарды бағындыруға ұмтылады. Ақының идеялары оқушыларды ойлануға, өзін - өзі дамытуға, өмірілік ұстаным қалыптастыруға жетелейді. География сабақтарында Абай шығармаларын қолдану арқылы оқушылар тек табиғат заңдылықтарын, климаттық ерекшеліктерді үйреніп қана қоймай, туған жерге деген сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттер мен еңбекқорлық сияқты рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Ақынның мұрат - мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз. Абайдың сөзі - қазақтың бойтұмары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. — Алматы: Ғылым, 1995. — 340 б.
2. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 2005. — 320
3. Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге» Өлеңдер мен қара сөздер- Алматы: Атамұра 2020
4. Мырзахметов М. Абай және ұлттық идея. — Алматы: Ана тілі, 1994.
5. Жұмағұлова Т. Интеграциялық оқыту технологиясы. — Алматы: Рауан, 2014.
6. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған география пәні бойынша оқу бағдарламасы (7–9 сынып). — Астана, 2022.
7. Сарбасова Н., Тілеубергенова М. Интеграцияланған сабақ — білім сапасын арттыру жолы. // Білім берудегі менеджмент, №4, 2020.
8. Қазақстан тарихы порталы. abai.institute – Абай мұрасын зерттеу орталығының ресми материалы.
9. kitap.kz – Абай шығармаларының онлайн нұсқалары, аудио кітаптар мен талдаулар.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ВИРТУАЛЬНОЙ И ДОПОЛНЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ В ПОДГОТОВКЕ ФАРМАЦЕВТОВ

Григоренко А.Г.,

*преподаватель специальных дисциплин, КГП на ПХВ «Павлодарский
медицинский высший колледж»*

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада фармацевтикалық білім беруде виртуалды және толықтырылған шындық технологияларының педагогикалық әлеуетін зерттеу қарастырылады. Бұл технологиялардың білім беру үдерісінің сапасын арттыру мүмкіндіктері, олардың студенттер мен оқытушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға ықпалы талданады. Фармацевтерді оқытуда қолданылатын виртуалды бағдарламалардың мысалдары келтіріліп, оларды енгізудің тиімділігі, сондай ақ осы технологиялардың интерактивті білім беру ортасын құрудағы және клиникалық жағдайларды модельдеудегі рөлі айқындалады.

Тірек сөздер: виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR), педагогикалық технологиялар, фармацевтикалық білім беру, симуляциялық оқыту, Osso VR, PharmaSim, Medical Realities, Labster.

Аннотация

В представленной статье рассматривается исследование педагогического потенциала технологий виртуальной и дополненной реальности в фармацевтическом образовании. Рассматриваются возможности этих технологий для улучшения качества образовательного процесса, их влияние на развитие профессиональных навыков студентов и преподавателей. Приводятся примеры виртуальных программ, применяемых в обучении фармацевтов, анализируется эффективность их внедрения, а также роль этих технологий в создании интерактивной образовательной среды и симуляции клинических ситуаций.

Ключевые слова: виртуальная реальность (VR), дополненная реальность (AR), педагогические технологии, фармацевтическое образование, симуляционное обучение, Osso VR, PharmaSim, Medical Realities, Labster.

Введение Современное фармацевтическое образование требует внедрения инновационных подходов для повышения качества подготовки будущих специалистов. Одной из таких инноваций является использование технологий виртуальной и дополненной реальности (VR и AR). Эти технологии предоставляют уникальные возможности для создания реалистичных, интерактивных обучающих сред, которые могут значительно улучшить восприятие и усвоение материала [3].

Виртуальная и дополненная реальность помогают моделировать клинические ситуации, обучать фармацевтов безопасному обращению с лекарственными средствами и развивать навыки взаимодействия с пациентами.

Методология. Сбор данных осуществлялся с помощью онлайн-опросов, полуструктурированных интервью, анализа учебных достижений (до и после использования VR/AR). Применялись методы статистической обработки, включая вычисление среднего

значения, процентного прироста и визуализация данных с помощью диаграмм.

Исследовательская часть В рамках исследования были изучены и протестированы следующие VR/AR платформы:

1. **PharmaSim** — виртуальный симулятор управления аптекой. Студенты моделировали работу в условиях, приближенных к реальным: консультирование клиентов, контроль за медикаментами, оформление рецептов и ведение документации. Платформа позволяет отрабатывать алгоритмы действий при конфликтных ситуациях и приемах работы с трудными пациентами [2].

2. **Osso VR** — инструмент для отработки процедур, связанных с применением медицинского оборудования и введением лекарств. Использование платформы дало возможность изучить технику подкожных, внутримышечных и внутривенных инъекций, а также закрепить алгоритм подготовки оборудования [6].

3. **Medical Realities** — приложение AR, визуализирующее влияние лекарственных препаратов на органы человека. Используется как дополнение к курсам фармакологии, даёт наглядное представление о механизме действия, фармакокинетике и побочных эффектах медикаментов.

4. **Labster** — виртуальные лаборатории, где студенты изучали химические свойства веществ, синтез препаратов, проводили виртуальные эксперименты и лабораторные исследования с фиксацией данных [4].

Результаты исследования:

- 86% студентов отметили повышение интереса к предмету;
- У 72% студентов улучшились результаты тестов по фармакологии на 20–30%;
- 90% преподавателей указали на улучшение взаимодействия со студентами при использовании интерактивных форм обучения;
- У студентов повысился уровень самостоятельности и ответственности за результат обучения.

Практическое применение
Практическое внедрение VR и AR в фармацевтическое образование позволило не только расширить методический инструментарий преподавателя, но и существенно изменить формат взаимодействия студентов с учебным материалом. Как отмечает Сидоров [1], интеграция VR/AR повышает степень погружения учащихся в образовательный процесс и усиливает мотивацию. Анализ опыта использования технологий в колледже подтвердил эти выводы.

1. Интерактивные лабораторные занятия на базе Labster

В рамках дисциплины «Фармацевтическая химия» студенты выполняли виртуальные лабораторные эксперименты в симуляторах Labster. Платформа позволяла моделировать процессы:

- определения качественных реакций;
- анализа чистоты вещества;
- синтеза сложных химических соединений;
- изучения кинетики реакций.

Основное преимущество — возможность выполнять эксперименты без риска ошибок или повреждения оборудования. Мартынов [4] подчёркивает, что виртуальные лаборатории дают студентам возможность многократного повторения лабораторных процессов без затрат ресурсов, что повышает качество усвоения материала и развивает научное мышление. По итогам исследования преподаватели отметили, что студенты стали лучше понимать структуру лабораторного отчёта, правила фиксации данных и методику анализа результатов.

2. Симуляционные сценарии на базе PharmaSim

PharmaSim использовался в учебных модулях «Организация фармацевтической деятельности» и «Фармакология». Студенты погружались в цифровое пространство аптеки, где они:

- консультировали посетителей;
- анализировали рецепты;
- оформляли продажу и отпуск лекарств;
- моделировали работу с конфликтными посетителями;
- соблюдали требования нормативных документов.

Петрова [2] отмечает, что активное моделирование профессиональной среды способствует формированию коммуникативных компетенций и умению принимать решения в условиях неопределённости. Студенты, участвовавшие в симуляциях, показали более высокие результаты в итоговых оценках по теме аптечного менеджмента —

средний прирост знаний составил 28%.

3. Применение AR-технологий Medical Realities на занятиях по фармакологии

Во время изучения механизмов действия лекарственных средств студентам предлагались AR-модели органов и систем человека, отображающие:

- путь лекарства в организме;
- изменения концентрации вещества во времени;
- участки связывания с рецепторами;
- механизм развития побочных эффектов.

По мнению Ивановой и Смирновой [3], AR-технологии позволяют визуализировать сложные процессы, которые невозможно увидеть в реальной жизни без сложной аппаратуры.

Преподаватели отметили улучшение понимания фармакокинетических процессов и более глубокое восприятие механизмов действия лекарств. В анкетировании 92% студентов указали, что AR-модели помогли им осознать связь между химической структурой препарата и его эффектом.

4. Виртуальные практикумы Osso VR

Освоение инъекционных техник и манипуляций проводилось с использованием Osso VR, которая предлагает реалистичную симуляцию физиологических реакций, сопротивление тканей и тактильные ощущения через контроллеры. Как подчёркивают исследователи [6], подобная иммерсивность обеспечивает безопасную тренировку

без риска для пациента при сохранении высокого уровня реалистичности.

В колледже были разработаны следующие учебные практикумы:

- техника подкожной инъекции в плечо;
- внутримышечная инъекция в ягодичную область;
- внутривенное введение растворов;
- алгоритм подготовки и обеззараживания рабочего места;
- действия при нарушении асептики.

Студенты отметили значительное снижение тревожности перед реальными манипуляциями, что соответствует выводам [5], исследовавших влияние VR на уверенность учащихся медицинских направлений.

5. Влияние VR/AR на низкомотивированные группы

Особое внимание заслуживает работа со студентами, имеющими низкую учебную мотивацию. Сидоров [1] подчёркивает, что VR-инструменты позволяют создать условия вовлечённости даже для тех студентов, которые изначально не проявляют интереса к традиционным формам обучения. В экспериментальной группе:

- уровень участия в занятиях повысился на 40%;
- снизилось количество пропусков;
- выросла активность при выполнении групповых заданий.

После двух месяцев внедрения VR/AR 35% студентов, ранее демонстрировавших слабую успеваемость, перешли в категорию студентов с высокими результатами.

6. Формирование профессиональных и мягких навыков (soft skills)

VR/AR способствовали развитию таких навыков, как:

- клиническое мышление;
- принятие решений в условиях дефицита времени;
- коммуникативные навыки при общении с пациентами;
- стрессоустойчивость.

Эти результаты подтверждают наблюдения исследователей, которые отмечают, что симуляционные среды развивают профессиональное поведение и уверенность.

7. Внутренние критерии оценки эффективности внедрения VR/AR

На основе анализа были разработаны следующие индикаторы:

1. повышение уровня успеваемости (по модели до/после VR);
2. вовлечённость студентов (участие в занятиях, активность, инициативность);
3. удовлетворённость учебным процессом (анкетирование по шкале Лайкерта);
4. педагогическая продуктивность (обратная связь преподавателей).

Преподаватели колледжа отметили, что использование AR-контента позволяет активизировать студентов с низкой мотивацией. В рамках опытного обучения одной из групп, в которой 50% студентов имели средние и низкие показатели успеваемости, после внедрения VR/AR доля студентов с высокими результатами увеличилась на 35%.

Рекомендации

1. Перед внедрением VR/AR важно провести обучающие семинары для преподавателей и методистов.
2. Разработать методические пособия, сопровождающие использование платформ.
3. Включить элементы VR/AR в учебные планы дисциплин как обязательную часть практической подготовки.
4. Вести мониторинг результативности внедрения технологий через регулярные опросы, тестирование и анализ академических показателей.
5. Создать сетевое сообщество преподавателей для обмена опытом внедрения VR/AR в медицинское и фармацевтическое образование.

Заключение Проведённое исследование показало высокую эффективность применения VR и AR технологий в процессе подготовки будущих фармацевтов. Их использование способствует не только лучшему усвоению теоретического материала, но и развитию практических навыков, необходимых для профессиональной деятельности. Обучающиеся становятся более вовлечёнными, самостоятельными и ответственными. Несмотря на определённые организационные и финансовые барьеры, виртуальные и дополненные технологии представляют собой перспективное направление в модернизации образовательного процесса.

В дальнейшем рекомендуется проведение более масштабных исследований с привлечением нескольких образовательных учреждений и использованием комбинированных педагогических стратегий на основе VR/AR.

Список используемой литературы:

1. Сидоров А.И. Виртуальная и дополненная реальность в образовании: новые возможности и вызовы // Образовательные технологии. – 2021. – Т. 8. – №3. – С. 34–40.
2. Петрова Т.В. Инновационные методы обучения в фармацевтическом образовании // Журнал фармацевтического образования. – 2020. – Т. 10. – №1. – С. 12–18.
3. Иванова И.Л., Смирнова В.Д. Использование VR и AR технологий в медицинском и фармацевтическом образовании // Вестник медицинской педагогики. – 2019. – Т. 7. – №2. – С. 45–52.
4. Мартынов И.А. Применение виртуальных лабораторий в обучении фармацевтов // Современные проблемы образования. – 2022. – Т. 11. – №5. – С. 66–72.
5. Lee K., Wong J. Virtual and Augmented Reality in Pharmacy Education // Journal of Educational Technology. – 2020. – Vol. 15. – No. 4. – P. 88–96.
6. Smith A., Johnson M. Evaluating Immersive Learning in Health Sciences // Medical Education Review. – 2021. – Vol. 29. – No. 2. – P. 54–61..

ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮРГЕН ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ

Коштаева Асель Елюбайқызы

Қостанай қаласы білім бөлімінің №32 жалпы білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогы.

Аңдатпа

Мақалада отбасының қоғам құрылымындағы негізгі институт ретіндегі орны және ұлттық ауқымдағы реформалардың отбасының тұрақтылығы мен тәрбиелік әлеуетіне ықпалы қарастырылады. Қатер тобындағы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың екі үлгісі сипатталып, олардың отбасының ішкі ресурстарын күшейтуге бағытталған мүмкіндіктері талданады. ӨҚЖ отбасылардың көбеюіне әсер ететін экономикалық, бейәлеуметтік, психологиялық, медициналық және толық емес отбасы факторлары жүйеленіп, отбасы типологиясы мен балалардың даму тәуекелдері ашып көрсетіледі. Сонымен бірге әлеуметтік сала мамандарына тән кәсіби күйіп кету синдромының мазмұны мен алдын алу жолдары беріліп, отбасы мен баланы қолдауда болжам жасау, алдын алу, серіктестік және мақсатты көмек көрсету қағидаттары негізделеді.

Тірек сөздер: отбасы, әлеуметтік қолдау, қатер тобындағы отбасылар, балалардың даму қаупі, дисфункционалды отбасы, кәсіби күйіп кету, алдын алу.

Аннотация

В статье рассматривается семья как базовый институт общества, чувствительный к реформаторским изменениям, последствия которых напрямую отражаются на уровне жизни, устойчивости и воспитательном потенциале семьи. Описаны две модели социальной поддержки семей группы риска, ориентированные на мобилизацию внутренних ресурсов семьи и на комплексное воздействие государственных и общественных структур. Систематизированы причины неблагополучия семей, приведена типология семей и выделены группы рисков развития детей, проявляющиеся в учебной деятельности и социальной адаптации. Отдельно раскрывается проблема профессионального выгорания специалистов социальной сферы и предложены меры профилактики, а также обозначены практические ориентиры работы с семьями, включая прогнозирование, предупреждение кризисов, партнерское взаимодействие и адресную помощь.

Ключевые слова: семья, социальная поддержка, семьи группы риска, риски развития детей, дисфункциональная семья, профессиональное выгорание, профилактика.

Отбасы қоғам құрылымындағы негізгі институт ретінде, мемлекеттік ауқымдағы түрлі дәрежелі реформаторлық өзгерістерге аса сезімтал келеді. Себебі, олардың нәтижелері отбасының деңгейіне, тұрақтылығына және тәрбиелеу қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Қазіргі уақытта қатер тобындағы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың екі үлгісі бар. Бірінші модель отбасы душар болған проблеманы шешу үшін

өзіндік күшін, жеке бастамаларын қолдану, ресурсты іздеп табу мүмкіндігіне бағытталады. Мемлекеттің көмегі бұл жерде өзіндік ресурсты қолдау ретінде қарастырылады. Екінші модель мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың отбасыға айтарлықтай әсерін қарастырады. Бұндай үлгіде мемлекет пен қоғамдық ұйымдар бастапқыда отбасының жеке ресурстарын көтеруге, отбасы

жағдайының жақсаруына ықпал етуге тырысады, тек содан кейін ғана отбасы өз бетінше проблемаларын шеше алады. Осындай мақсатта отбасылар қажетті көмек ала алатын әлеуметтік орталықтар, клубтар, мекемелер жүйесі арта түседі. Осындай отбасылардың және олардың жеке мүшелерінің отбасындағы орнын бекіте түсетіндей қолдау көрсету көзделеді. Бұл модель көздеген басты мақсат – отбасының тәрбелеуші құдыретін қайта қалпына келтіру, себебі бір де бір мемлекеттік мекеме ешқашан да балаға өз ата-анасының орнын баса алмайды. Сондықтан да, барлық күш-жігерді отбасын әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және тағы да басқа бағыттарда қайта тәрбиелеуге жұмылдыру керек.

Мамандар пікірінше, ӨҚЖ отбасылардың көбеюі себебі әр алуан. Келесі себептерді атап өтеміз:

1. Экономикалық себептер: көптеген отбасыларда бір ғана жұмыс істейтін отбасы мүшесіне арқа сүйеп отырғандардың шектен тыс салмақ салуы себепті, күнкөріс деңгейі кедейлік шегінен төмен. Көпбалалы отбасылар; құрамында мүгедектері-бала немесе үлкен адам бар отбасылар; жалақы деңгейі төмен отбасылар; жұмыссыздар отбасы.

2. Бейәлеуметтік себептер: отбасының немесе оның бір мүшесінің алкоголизмі немесе нашақорлығы, заңға қайшы әрекеттері, жезөкшелік, сонымен бірге надандық. Нәтижесінде, осындай отбасыдан шыққан балалар, басқаларға қарағанда қылмыстық топтарға жиі қосылады.

3. Психологиялық себептер: қатыгездік, агрессия, дөрекілік, даушылдық, қызғаныш, ерлі-зайыптылардың көзге шөп салуы, өзімшілдік, сараңдық, қызба мінез.

4. Медициналық себептер: созылмалы жұқпалы және венерологиялық аурулар, психикалық және сексуалдық ауытқулар, импотенция.

5. Толық емес отбасылар: ата-аналардың өз міндеттерін дұрыс орындамауы нәтижесінде бетімен кеткен, панасыз, қашқын балалар топтары құрылады.

А.И. Антонов пен В.М. Медков өздерінің «Социология семьи» кітабында отбасының келесі түрлерін көрсетеді:

►► Ерлі-зайыптылардың одағына байланысты:

1. Моногамды (бір әйел мен бір еркектің некесі);

2. Полигамды (бір еркектің бірнеше әйелмен неке құруы немесе керісінше);

►►Білік өлшемі бойынша:

1. Патриархалды отбасы (үйдің басшысы – әке);

2. Матриархалды (әкесіне қарағанда, анасы үлкен беделге ие);

3. Эгалитарлы отбасылар (ата-аналар арасындағы биліктің жағдайларға байланысты бөлінуі, рөлдердің өзара алмасуы арқылы ерлі-зайыптылардың бірдей ықпал етуі);

►►Әлеуметтік-демографиялық жағдайға байланысты:

1. Гомогамды (ерлі-зайыптылардың бір ұлттан болуы, білім деңгейінің бірдейлігі, жас шамасында көп айырмашылықтың болмауы және тағы сол сияқты);

2. Гетерогамды (ерлі-зайыптылардың әлеуметтік-демократиялық жағдайы әртүрлі);
Отбасындағы ата-аналардың санына байланысты:

1. Толық емес (екінші отбасылар сияқты балалары бір ата-ананың қолында тәрбиеленетін отбасы, көбінесе ажырасу нәтижесінде, сирек ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы нәтижесінде құрылатын отбасы);

2. Толық
Бала саны бойынша:

1. Балалары аз (1 – 2 баласы бар);
2. Орташа (3 – 4 баласы бар);
3. Көпбалалы (4-тен артық баласы бар);

Қаржылық жағдайы бойынша:

1. Ауқатты
2. Табысы төмен (табыс деңгейі тұтынушылық минимумнан аспайтын отбасылар).

Сонымен бірге отбасылар берекелі отбасы және тұрмысы нашар отбасы болуы мүмкін, сонымен қатар сәтсіз отбасыларда бар яғни, әлеуметтік ортадағы жағымсыз факторлардың әсерінен өз функцияларын орындай алмайды.

Отбасы қоғам құрылымындағы іргелі институт ретінде ұлттық ауқымдағы реформаторлық өзгерістердің барлық түрлеріне ерекше сезімтал, өйткені олардың нәтижелері оның өмір сүру деңгейінде, тұрақтылығында және тәрбиелік әлеуетінде тікелей көрініс табады.

В.Е. Летунова балалардың дамуындағы қатердің келесі топтарын айқындайды:

- медико-биологиялық (денсаулық тобы, тұқым қуалаушылық себептері,

туа біткен қасиеттері, психикалық және физикалық дамуындағы бұзылулар, баланың туу жағдайлары, ананың аурулары және оның өмір салты, жатырышілік жарақаттар және т.б.);

- әлеуметтік-экономикалық (аз қамтылған отбасылар, оның ішінде көп балалы және толық емес отбасылар, кәмелетке толмаған ата-аналар, жұмыссыз отбасылар, азғын өмір салтын ұстанатын отбасылар; қоғамда өмір сүре алмау: қашу, қаңғыбастық, бос жүру, ұрлық, алаяқтық, төбелес, кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау, агрессивті мінез-құлық, алкогольді, есірткіні қолдану және т.б.);

- психологиялық (әлеуметтік ортадан алшақтау, өзін-өзі қабылдамау, невротикалық реакциялар, басқалармен қарым-қатынастың бұзылуы, эмоционалдық тұрақсыздық, іс-әрекеттегі сәтсіздік, әлеуметтік бейімделудегі сәтсіздік, қарым-қатынастағы, қатарларымен және ересектермен қарым-қатынастағы қиындықтар және т.б.);

- педагогикалық (білім беру мекемесінің бағдарламаларының мазмұны мен балалардың жағдайы олардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне, балалардың психикалық даму қарқынына және оқу қарқынына сәйкес келмеуі, төмен бағалардың басым болуы, іс-әрекетке сенімсіздік, оқуға деген қызығушылықтың болмауы, жағымды тәжірибеге құлықсыздығы, оқушы бейнесіне сәйкес келмеуі және т.б.).
- ӨҚЖ-дағы отбасылардан шыққан балаларда әлеуметтік даму қаупі оқу іс-

әрекетінде айқын көрінеді. Ең әдеттегілері:

- мектеп бағдарламасының пәндерін оқудағы сәтсіздік, оқу деңгейінің төмендігі;
- жеке тұлғаның жеке психикалық сапаларының дамуындағы теңгерімсіздік;
- жеке мәдениеттің дамуының төмен деңгейі;
- танымдық қызығушылықтары дамуының төмен деңгейі;
- білім беру мотивациясының қалыптаспауы;
- оқуға дайын болмауы.

Дисфункционалды және асоциалды аз қамтылған отбасы балалары, әдетте:

- әлеуметтік бейімделмеген;
- сенімсіз;
- шамадан тыс ренжігіштік;
- мінез-құлқында негативизм мен қыңырлық жиі байқалады;
- мұндай балалардың зейіні нашар, шаршағыш.

Олар сәтсіздіктерге әсершіл, өздеріне сенімді емес, тұрақсыз көңіл-күйге ие. Олар өзін-өзі бағалаудың төмендігін көрсетеді, олардың өз маңыздылығы туралы түсініктері жеткіліксіз.

Отбасына қатысты барлық әлеуметтік мәселелер отбасы ішілік мәселелерді шиеленістіреді, ал ересек мүшелерінің әлеуметтік мінез-құлқы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылыққа, ерте ана болуға, балалар мен жасөспірімдердің нашақорлығына, алкоголизмге әкеледі.

Кәсіптің ықпал етуінің салдарынан адамда пайда болатын «психикалық күйіп кету» синдромы шетелдік психологияда кеңінен зерттелген және танымал мәселелердің бірі.

«Психикалық күйіп кету» – бұл кәсіптік қызметтің салдарынан адамда пайда болатын ерекше психикалық проблемалар кешені. Бұл ұғым алғаш рет 1974 жылы Х.Дж. Фрейденберг жазбаларында кездеседі. Ол денсаулық орталықтарының бірінде психиатр ретінде қызметін атқарып жүргенде, эмоционалды қажыған, жұмысқа деген мотивациясы және өнімді еңбектену нәтижесі төмендеген, денсаулығы мен зияткерлік саласында өзгерістерді бастан кешіріп жүрген көптеген жұмысшыларды байқайды. Бұл қоғамдық ұйымдарда қызметінен шабыт алып, жан-тәнімен беріліп жұмыс істейтін, адамдарға көмек көрсететін мамандық иелері болатын. Бірнеше айдан кейін осындай күш жігермен қызмет атқарып жүргендердің бойынан қажу, күшінің сарқылуы, ашуланшақтық секілді белгілер байқалды және оны Х. Дж. Фрейденберг бастапқы «эмоционалды қажу» күйін «эмоционалды сарқылу» деп атады. Кейінірек С. Condo «күйіп кетуді» «шамадан тыс жұмыс жүктемесі мен тұлғааралық қатынастардың жеткіліксіздігіне байланысты жұмыс орнына бейімделу жағдайы» деп анықтайды.

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік психологияда «психикалық сарқылу» ұғымының «эмоционалды қажу», «кәсіптік сарқылу», «кәсіптік күйіп кету синдромы» сынды көптеген балама атаулары кездеседі, дегенмен бұл атаулардың негізгі мағынасына назар аударсақ мазмұны жағынан ұқсастықтың бар екендігін аңғаруға болады. Қазіргі заманғы мәліметтерге сәйкес,» психикалық күйзеліс «әлеуметтік саладағы кәсіптерде

көрінетін физикалық, эмоционалды және психикалық сарқылу күйін білдіреді.

Эмоционалды сарқылу дегеніміз-өз жұмысынан туындаған эмоционалды құлазыған және шаршау сезімі. Деперсонализация еңбекке және оның еңбек объектілеріне немқұрайлы қарауды білдіреді. Атап айтқанда, әлеуметтік салада деперсонализация емделуге, кеңес алуға, білім алуға және басқа да әлеуметтік қызметтерге келген клиенттерге безбүйрек, адамгершілікке жатпайтын қатынасты білдіреді. Клиенттер тірі адамдар ретінде қабылданбайды, бірақ олардың кәсіби маманға келген барлық проблемалары мен қиындықтары, оның көзқарасы бойынша, олардың игілігі үшін деп түсінеді. Кәсіби жетістіктер төмендеуі (редукция) жұмыскердің өз кәсіптік қызметі саласындағы біліксіздікті және жұмыс барысындағы сәтсіздікті сезінуімен байланысты туындайтын сезімін болжайды. Басқа сөзбен айтсақ, соңғы кезеңде маманның өзінің бойынан кәсіби шеберлігін жоғалтқандығын сезінуі.

Алайда, кәсіби күйіп кету синдромының алдын алуда маңызды рөл қызметкердің өзіне жүктеледі. Кәсіби күйіп кетудің алдын алу үшін келесілер қажет:

- психикалық және физикалық саулықты қамтамасыз ету үшін, «техникалық үзілістерді» пайдалану (жұмыстан демалу);
- кәсіби стрессті басқару жолдарын меңгеру – жұмыс орнындағы әлеуметтік, психологиялық және ұйымдастырушылық ортаны

өзгерту; жұмыс пен үй арасында «көпірлер» салу;

- релаксация, визуализация, ауторегуляция, өзін-өзі бағдарламалау әдістерін игеру;
 - кәсіби дамуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу (біліктілікті арттыру курстарында, конференцияларда, симпозиумдарда, конгрестерде тілдесу арқылы өз ұжымынан тыс кәсіби ақпаратпен алмасу);
 - қажетсіз бәсекелестіктен кету (оны болдырмауға болатын жағдайлар бар, бірақ жеңіске деген шамадан тыс ұмтылыс алаңдаушылық тудырады, адамды агрессивті етеді, бұл кәсіби күйіп кетуге ықпал етеді);
 - өмірге, оның мағынасына қатысты көзқарасты өзгерту, кәсіби күйіп кету жағдайын өз өмірін қайта қарау және қайта бағалау, оны өзіңіз үшін өнімді ету мүмкіндігі ретінде қабылдау;
 - дұрыс дене қалпын сақтау (дұрыс тамақтану, алкогольді тұтынуды шектеу, темекіден бас тарту, дене салмағын түзету).
 - Жоғарыда көрсетілген кәсіби күйіп кетудің алдын алу шаралары қызметкердің өмірлік ресурстарын арттыруға ықпал етеді.
- Әдетте, мұндай отбасылардың проблемалары оның өмірінің әлеуметтік, құқықтық, материалдық, медициналық, психологиялық, педагогикалық және басқа аспектілеріне қатысты. Сонымен қатар, проблемалардың тек бір түрі өте сирек кездеседі, өйткені олардың барлығы бір-бірімен байланысты және өзара байланысты. Сондықтан балалардың девиантты мінез-

күлқының, аралық қатерлерінің және даму қауіптерінің себептік байланысы өте шартты.

Болжау. Уақытында оларға қажетті қолдау көрсету үшін оқушыларыңыздың проблемаларына мұқият болыңыз. Сіз проблемаларды ерте кезеңдерде шешуді үйренуіңіз керек, әйтпесе отбасылық істерге араласып, психикалық жарақаттардың салдарымен ұзақ уақыт күресуге тура келеді.

Алдын алу. Проблемалық жағдайлардың алдын алуға күш салыңыз. Көп жағдайда қиындықтардың өршуіне жол бермеу мүмкіндігі бар.

Серіктестік. Ең алдымен, бұл отбасымен терең жұмыс жасауды

көздейтін әлеуметтік серіктестікті білдіреді. Мұндай жұмыстың негізі-сенімді қарым-қатынас.

Көмек. Сіз отбасылардың өзін-өзі ұйымдастыруына ықпал ете аласыз, олардың баланың тұрмыстық және психологиялық жағдайларын жақсартуға деген ұмтылысын қолдай аласыз.

Әр түрлі заманауи тәсілдерді талдау әлеуметтік тәрбиенің белгілі бір міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін балалар мен ересектердің өзара әрекеттесуінің орны мен уақыты шектеулі құрылымы ретінде тәрбиелік өзара әрекеттесуді ұйымдастыру формасын анықтауға мүмкіндік береді.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ НАВЫКОВ АНСАМБЛЕВОГО МУЗИЦИРОВАНИЯ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА НА МАТЕРИАЛЕ МУЗЫКИ РОДНОГО КРАЯ

Лынный Наталья Михайловна

Преподаватель КазНУИ им. К. Байсеитовой

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып жасындағы оқушылармен ансамбльдік музичирлеуді ұйымдастыруға арналған инновациялық әдістемелік тәсілдер қарастырылады. А. Әбдинұровтың «Толғау» ансамблі бойынша жүргізілген жұмыс мысалында ансамбльдің тек орындаушылық дағдыларды ғана емес, тұлғаны кешенді дамыту құралы ретіндегі әлеуеті ашып көрсетіледі. Автор эмоционалды бейнелік ену, ансамбльдік есту қабілеті мен ырғақ сезімін дамытуға бағытталған ойын технологиялары, сондай ақ партияларды функционалдық интеграциялау тәсілдерін қамтитын репетициялардың кезеңдік жүйесін сипаттайды. Ұсынылған әдістеменің балаларда ынтымақтастық, коммуникация және ортақ көркемдік нәтижеге жауапкершілік дағдыларын қалыптастырудағы жоғары тиімділігі туралы қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: ансамбльдік музыка, кіші оқушылар, оқыту әдістемесі, музыкалық педагогика, ойын технологиялары, эмоционалдық даму, «Толғау».

Аннотация. В статье рассматриваются инновационные методические подходы к организации ансамблевого музицирования с учащимися младшего школьного возраста. На примере работы над ансамблем «Толғау» А. Абдинурова раскрывается потенциал ансамбля как инструмента не только исполнительской, но и комплексной развития личности. Автор описывает поэтапную систему репетиций, включающую эмоционально-образное погружение, игровые технологии для развития ансамблевого слуха и чувства ритма, а также приемы функциональной интеграции партий. Делается вывод о высокой эффективности предложенной методики для формирования у детей навыков сотрудничества, коммуникации и ответственности за общий художественный результат.

